

Әдістемелік нұсқау хаттың негізінде, жыл сайын Жазғы мектеп барлық білім алушылар үшін оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарта отырып жұмыс істейтін болады.



Назар аударыңыз!

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда «2020-2021 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» қосымшасын басшылыққа алу қажет (ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 мамырдағы №240 бұйрығы).

2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында ұйымдастырылған Жазғы мектеп білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталды.

Жыл сайын жазғы мектеп барлық білім алушылар үшін оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарта отырып жұмыс істейтін болады. 2021-2022 оқу жылында жазғы мектептегі сабақтың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

26 мамырдан 17 маусымға дейін барлық оқушылар үшін (9, 11-сыныптардан басқа) орта білім беру ұйымдарында ата-аналардың / заңды өкілдердің өтініштері негізінде шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында Жазғы мектеп жұмыс істейтін болады. Мұндай жұмыс жыл сайын жүргізілетін болады.

Жазғы мектепті ұйымдастыру

Жазғы мектепке қабылдау критерийлері:

- ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өтініші талап етіледі;
- Жазғы мектепте оқыту **тегін негізде** ұсынылады;
- сабақтарды ұйымдастыру үлгерімі нашар адамдарға баса назар аудара отырып жүзеге асырылады;
- сабаққа еркін формамен қатысуға болады;

Ұйымдастыру:

- Мектеп директорының Жазғы мектеп жұмысы туралы бұйрығы.
- Оқу жылының аяқталуына 2 апта қалғанда Жазғы мектептің жоспары бекітілуі қажет.
- Оқушылар тізімі және сынып жиынтығы.
- Оқу пәндерінің тізімі.
- Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар.
- Уақытша сынып журналдары.
- Үй тапсырмаларының болмауы.

Жазғы мектептегі сабақтың ұзақтығы - 45 минут.

Сабақтар «Ағылшын тілі», «Математика», «Жаратылыстану ғылымдары», «Физика», «Химия» және басқа пәндері бойынша өткізіледі.

Kundelik жүйесіндегі Жазғы мектеп

Жазғы мектепте сынып-жинақтарды есепке алуды ұйымдастыру kundelik.kz жүйесіндегі балаларға **Қосымша білім беру** бөліміне қосылуы мүмкін.

Жазғы мектепте өткізілетін негізгі пәндердің ҚББ бөлімінде жоқ болуына байланысты, осы **пәндердің тізімін** алдын-ала қосу ұсынылады, ол үшін:

- «Әкімшілік ету» бөліміне өту;
- «Пәндер» батырмасын басу;
- «Пәнді қосу» батырмасын таңдау;
- қысқаша және толық атау енгізу;
- өзгерістерді сақтау қажет.

Жаңа пән

Қысқаша атауы	<input type="text" value="Химия"/>
	<small>Мысалы, ЖДД</small>
Толық атауы	<input type="text" value="Химия"/>
	<small>Мысалы, Жалпы дене даярлығы</small>
ҰБДҚ пәннің атауы	<input type="text" value="Химия"/>

[Жасау](#)

[Жасау және тағы қосу](#)

[немесе тізімге оралу](#)

Жазғы мектептің уақытша журналдарын жүргізу үшін:

- ҚББ бөліміне өту («ҚББ» -> «Менің мектебім»);
- «Жазғы мектеп» деген атаумен **жаңа** бірлестік құру («Әкімшілік ету» -> «Бірлестік» -> «Бірлестікті қосу»);

Жаңа бірлестік

Қысқаша атауы	<input type="text" value="Жазғы мектеп"/> Мысалы, Жақ
Толық атауы	<input type="text" value="Жазғы мектеп"/> Мысалы, Хор бірлестігі

Жасау

Құру және тағы қосу

немесе тізімге оралу

- ҚББ-да жаңа оқу тобын құру ([мұнда](#) жасау жөніндегі нұсқаулық);
- жаңа топ баптауларында келесі параметрлерді көрсету:
 - **топ коды:** (сынып параллелін және литерді көрсету);
 - **атауы:** «Жазғы мектеп»;
 - **оқыту формасы:** күндізгі;
 - **қосымша білім беру түрі:** қосымша жалпы дамыту бағдарламалары бойынша;
 - **бірлестік:** «Жазғы мектеп»;
 - **топ түрі:** Элективтер;
 - **бағдар:** факт бойынша көрсетіледі;
 - **курс:** сынып параллелі;
- құрылған топқа жазғы мектепке қабылданған оқушыларды қосу ([мұнда](#) қосу жөніндегі нұсқаулық);

Әрі қарай, құрылған топқа **26 мамырдан 17 маусымға** дейін кесте қосу ұсынылады.



Жүйе 2021-2022 оқу жылында (31 шілдеге дейін) болады, сәйкесінше жүйенің барлық бөлімдері қол жетімді болады: ҚББ журналы, кесте, көшу бөлімі, есептер және басқалар.

Содан кейін [ҚББ ұйымында сабақ кестесін қалай жасауға болады?](#) деген нұсқаулықпен уақыт пен тақырыпты көрсете отырып, топта кесте құру қажет.

Жазғы мектепті **kundelik.kz жүйесіне қосу қажеттілігі** туралы сұрақтарға мектептің басқарушы ұйымынан нақтылау қажет.